

П.З.Ишанов, С.Т.Каргин, Э.С.Ибраева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: ishanov65@mail.ru)*

Кәсіби тілдесу дағдыларын жетілдіру үрдісінде электронды оқулықты қолдану ерекшеліктері

Мақала болашақ маманның тілдік дайындығында электронды оқу құралдарын қолдану ерекшелігін зерттеуге арналған. Шетел тілі бойынша электронды оқулықты оқу кітабының жасау мен баспаға шығаруда теориялық және практикалық сұрақтарын жасауын талап ететін жаңарған түрі ретінде қарастырылды. Электронды оқу құралының білім беретін орта жасаудың негізгі жағдайлары талданды. Электронды оқу құралының білімдік ортасына талаптар бөлініп шығарылды: оны жасаудың ерекшеліктері, ағылшын тілі курсының басты білім беру концепцияларын жүзеге асыру жолында тұрған мәселелер. Авторлар ағылшын тілін оқытудың қағидаттары тақырыптық электронды оқулық жасаудың ерекшеліктері және сабақта электронды оқу тәсілдерінің қандай қызметтерінің байланысы туралы айтып өткен.

Кілт сөздер: кәсіби тілдесу дағдылары, тілдік дайындық, шетел тілін оқыту, жоо-да маман дайындығы, электрондық оқу құралы, электрондық оқулық, шетел тілі сабағы.

Педагогика ғылымында оқыту үдерісінің әдіснамалық негізі гносеология теориясы болып табылады. Гносеология теориясында танып-білудің заңдылықтары мен мүмкіндіктері, білімнің объективті шындыққа қатынасын оқиды және оның сатылары мен танып білу үдерісінің формалары, анықтық пен ақиқаттықтың шарттары мен белгілері зерттеліп отырады. Танып-білу – бұл адамның сана-сезіміндегі ақиқат дүниесінің бейнелену үдерісі. Заттар мен құбылыстардың мәнін танып-білу арқылы аңғарады. Оқу үдерісі — ең алдымен білімді меңгеру. Біздің біліміміз объективті дүниені, оның байланыстар мен заңдылықтарын бейнелеу болып табылады.

XX ғасырдың 80-жж. тұлғалық бағдар мен педагогикалық технологияларды жетілдіру (И.С.Якиманская, Т.Б.Серіков және т.б.), білім беру технологиясындағы ғылым мен практиканың алатын орны (В.В.Гузев және т.б.), іс-әрекеттік, қарым-қатынас ерекшеліктері (А.В.Хуторской, Б.С.Гершунский, В.В.Давыдов, П.М.Эрдниев, С.В.Кульневич және т.б.) мәселелеріне көптеген ғалымдардың зерттеулері арналған. Сол сияқты компьютерлік технология мен мультимедиялық технологияларды өмірде танудың күшті құралы болып табылатындығын жоғарыда аталған бірқатар ғалымдар дәлелдеген.

Қазіргі таңда осы теорияларға сүйене отырып, білім алушылардың оқу әрекетін жаңа сипатта ұйымдастыруды және компьютерлік технология мен коммуникацияны біздің еліміздің оқу орындарының практикасына енгізуді (Интернет, мультимедиялар, электрондық сөздіктер, электрондық оқулықтар және т.б.) талап етілуде. Өйткені олардың бүгінгі күнде жоғары кәсіби білім беру мекемелерінің оқыту үдерісінде өте маңызды рөл атқаратындығы дәлелденген.

Қазіргі заманғы жоо-да оқыту және шет тілін оқыту, өзі жалпы әдіснамасы сияқты, нақты әдістер, тәсілдер, яғни, оқытудың тұжырымдамасын қайта қарастыруды талап етеді. Әлемдік қоғамдастыққа кіру, саясат, экономика, мәдениет, халықтардың араласу аяларынан туындаған түрлі үрдістер мәдениаралық тілдесім, түрлі ұлтқа жататын тілдесім қатысушыларының өзара түсінушілік мәселесін анықтайды. Осылардың барлығы шет тілін оқыту әдістемесіне әсерін тигізбей қоймайды, шет тілін оқыту теориясы мен практикасында жаңа мәселелерді қойғызады.

Тілдесім құралы ретінде шет тілін оқыту мәселесі қазіргі білім беру жүйесінде маңызды рөл алады. Шет тіліне оқытудың басты мақсаты болып білім алушылардың коммуникативті құзыреттілігін дамытуға және қалыптастыру, шет тілін практикалық меңгеруге оқыту болып табылады. Сондықтан қазіргі кезеңде шет тілін оқытудың ең басты және маңызды мәселелерінің бірі оқу құралын таңдау мәселесі, атап айтқанда, оқулықтар мен оқу құралдары болып табылады.

Осы немесе басқа оқулықты немесе жалпы оқу-әдістемелік кешенін (ОӘК) таңдай отырып, оқытушы білім беру мекемесінің ерекшелігіне қарау керек, яғни, білім алушылар ерекшелігі, мекеме түрі оқытушы таңдаған ОӘК Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес болып, өзіміздің еліміздің және оқытылып отырған елдің білім деңгейін көрсету қажет. Оқулық теориясы саласындағы зерттеу нәтижелері шет тілі оқулығына дидактикалық және әдістемелік талаптар туралы айтуға мүмкіндік

береді. Дидактикалық жоспарда басты талаптар тобына назар аударылады, олар жетекші қызметтерге байланысты болып келеді [1]:

1. Педагогикалық үрдістің қажеттіліктеріне сәйкестік (бағдарламалық талаптарды ескеру, білімді игеру заңнамалығы, меңгеру үрдісін басқару, ОӘК-нің барлық компоненттерінің өзара әрекеттесуі).

2. Мақсаттылығы (масқатқа бағдарлық, тілді меңгеру деңгейін белгілеу, оқулық элементтерінің бүтіндігі).

3. Уәждеме (танымдық әрекетті қозғау).

Берілген сипаттамалар инвариантты деп есептеу керек, демек барлық оқулықтарға тән.

Білім беру мақсатына арналған ақпараттық ресурстар арасында үлкен қызығушылыққа электронды мультимедиалық оқулықтар және тілдік емес мамандықтағы студенттерге шет тілдік сөйлеуге оқытуда оларды қолдану мүмкіндіктер мәселесі ие.

1960–1970 жж. пайда болған бірінші компьютерлік бағдарламалар грамматикалық және лексикалық тілдік жаттығулар ғана болды. Өткен ғасырдың 70-жж. оқыту бағдарламаларының мазмұндық жағына көңіл бөле бастады. Жасанды интеллект саласында зерттеу бағдарламалар қолдануды және білім алушылардың коммуникативті іскерлігін қалыптастыру үшін қалдырылды.

Кең таралған компьютерлік бағдарламалардың ішінде келесілерді атауға болады:

1. «Ағылшын тілі 3 амалдан» бағдарламасы «Syracuse Language Systems» американдық компаниясымен жасалған. Курс ағылшын тілі тілдесіміндегі шынайы жағдаяттар мен күнделікті жиі кездесетін заттар, сөздер және ауызша аударма дағдысының негізінде ауызекі ағылшын тіліне оқыту үшін арналған. Үш деңгейлі қиындықтар: а) лексикалық ойындар, ағылшын тілі сөздерімен таныстыратын; ә) сөйлем құрастыруға көмектесетін ойындар; б) көрнекілік комикстар мен диалогпен жұмыс (www.curator.ru/e-books/e4.html).

2. «Акцентсіз профессор Хиггинс» бағдарламасы. Жасаушылар — «ИстраСофт». Толық фонетикалық, лексикалық және грамматикалық мультимедиалық анықтама-тренажер, ауызекі сөйлеуінің тыңдап-түсінуге үйрету және дұрыс грамматикалық және фонетикалық рәсімделуімен сөйлеу (www.istrasoft.ru/higgins.html).

3. «Ағылшын тілі әр күнге» мультимедиалық оқулығы. Курс сөйлеу жағдаяттары негізінде күнделікті ағылшын тіліне бағытталған. Курс 15 сабақтан тұрады, әрқайсысы ондаған орысша эквиваленттері мен лексика-грамматикалық комментарийлерімен дыбысталған ағылшын фразалары, диалог, ойын элементтері, алты түрлі жаттығулар, өлеңдер, әндер, әзілдер, әңгімелерден тұрады (www.curator.ru/e-books/e6.html).

4. «Ағылшын тілі. Кемелге жол 2.» «English Your Way 2.0» бағдарлама нұсқасын ресей қолданушыларына бейімдеген «Syracuse Language Systems» американдық фирмасы. Курстың негізгі міндеттері – шет тілінде қолданушы сөйлеуге үйрету, ағылшын тілі айтылымын тыңдап түсіну, оқу және сауатты жазу, сонымен қатар дыбыстауды дұрыстауға үйрету. Оқыту жағдаяттық негізде құрылады. Курс динамикалық диалогты, интерактивті ойындар, мәтіндер, кроссвордтарды қамтиды.

Демек, электронды оқулықтар зерттеуінің нәтижесі электронды оқу курсының негізгі сипаттамаларын бөлуге мүмкіндік жасайды:

1. Оқытудың компьютерлік формасы кезінде оқытудың барлық негізгі заңнамалығы сақталады, оның ішінде дидактикалық қағидаттарда көрінетін жалпылары. Компьютерлік лингводидактика жеке қағидаттары келесіде көрсетіледі:

- шарттамалық қағидаты: оқытудың кезеңі, мақсаты және мазмұнына, сонымен қатар оқытудың қолданатын әдістемесін байланысты компьютерді қолдану шартын нақты анықтау;
- қажеттілік қағидаты: белгілі параметрлер бойынша оқу үрдісінің тиімділігін арттыруға көмектесетін жағдайда ғана компьютерді қолдану;
- ақпараттылық қағидаты: компьютердің артықшылықтарын оқу үрдісінің анықтамалық-ақпараттық қамсыздандыру құралы ретінде ашады, себебі компьютер аз уақыт ішінде максималды ақпарат алуға мүмкіндік береді. Оқытудың техникалық құралдарының арасында компьютер шет тілін оқытудың ақпаратты-сөйлеу сипатына сәйкес келеді;
- сенімділік қағидаты: оқыту үшін әр компьютерлік бағдарламалардың эксперименталды тексерістерін өткізу қажеттіліктерін көрсетеді, сонымен қатар компьютерді қолдану арқылы сабақтың ұйымдастыру дайындық кезеңінің болуы.

2. Электронды оқулық дайындау қағидаттары: кванттау (материалдарды модульдерге бөлу), толықтық, көрнекілік, тармақтау (басқа модульдермен гипермәтіндік сілтемелердің байланысы), реттеу, бейімділік, жинақтаулық.

3. Электронды оқу курсы қолдану қағидаты: шарттамалық, қажеттілік, ақпараттылық, сенімділік.

4. Функциялар: материалды түсіну жеңілдігі, мазмұнның бейімділігі, өзін-өзі тексеру, жұмысты рәсімдеу, шексіз қайталау, бақылауды жеңілдету.

5. Талаптар: жеткілікті көлем, жүйелілік, дифференциалды тәсіл, орнатылымның қолжетімділігі, мультимедиа-компоненттерінің жоғары сапасы, тез әрекеттілік, басқару ыңғайлылығы.

6. Электронды оқулықтар қолдану артықшылықтары: уәждеме көтеру, студенттің белсенді позициясы, оқытудың саналығы және өздіктігі, өзін-өзі бақылау, вариативтілік, ойлаудың белсенділігі, операцияның алгоритмизациясы, түрлі білім беру ресурстарының интерактивті байланысы (электронды кітапхана, сөздіктер, энциклопедия), ақпараттық қанықтық, көрнекіліктің жоғары деңгейі, оқыту әдістемесінің икемділігі (оқытудың индивидуализациясы, тез кері байланыс), сабақ жүргізу кезінде уақытты үнемдеу, студенттер мен оқытушының компьютерлік сауаттылығы.

7. Кемшіліктер: компьютерді қолдану дағдысының жеткіліксіз дамуы, коммуникативті іскерліктерді дамытудың күрделілігі, даярлық деңгейде уақыттық және материалдық ресурстарды жұмсау, компьютермен шынайы ауызекі тілдесімнің болмауы, кейбір оқу құралдарының біржақтылығы, оқушылардың көздеріне зияны (мультимедиялық қосымшасы бар мәтіндік оқулықтарды жасаудың гигиеналық дұрыстығы), даярлыққа уақытты кетіру (нұсқама, жіберу, бағдарламалы қамсыздандыруды ауыстыру).

Шет тілін меңгерудің негізгі мақсаттарының бірі болып студенттердің коммуникативті мәдениетін қалыптастыру мен дамыту, шет тілін практикалық меңгеру табылады. Оқытушының міндеті шет тілін оқыту үрдісінде білім алушылардың танымдық әрекетін белсендіру, әр білім алушыға тілді практикалық меңгеруге жағдай жасау, әр оқушыға өздерінің белсенділігі мен шығармашылықтарын көрсетуге мүмкіндік жасайтындай оқыту әдістерін таңдау болып табылады.

Сонымен қатар шет тілі сабақтарында компьютерлік технологияны қолдану әр түрлі вариацияларда ұсынылуы мүмкін: арнайыланған сайттармен жұмыс, Интернет желісінде қажетті ақпаратты іздеу, аутенттік фильмдерді көру, оқыту бағдарламаларын кодану және т.б. Қазіргі заманда шет тілін оқыту кезінде нәтижелі және салыстырмалы қол жетерлік әдіс болып электронды оқулықты қолдану болып табылады. Электронды оқулық оқытуға дифференциалды және индивидуалды тәсіл қағидаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Электронды оқулық көмегімен тыңдап-түсіну және оқу сияқты сөйлеу әрекеті түрлерін тексеру мен жаттықтыруды тиімді өткізуге болады, сонымен қатар білім алушылардың грамматикалық, лексикалық және дыбысты-айтылым дағдыларын дамытуға және қалыптастыруға болады.

Электронды оқулық — баспа шығарылымын толықтыратын жаңа ақпаратты көрсететін, индивидуалды оқытуға келетін және білім алушының алынған білімін және іскерлігін тестілеуге мүмкіндік жасайтын компьютерлік, педагогикалық бағдарламалы құрал [2]. Электронды оқулықтың кейбір ерекшеліктерін қарастырайық:

1. Электронды оқулық мәтіндік ақпаратты аз мөлшерде қамту керек, себебі мәтінді экраннан ұзақ оқу шаршауға әкеледі, сәйкесінше, қабылдау деңгейін төмендетеді.

2. Электрондық оқулықтар көрнекілік материалдардың үлкен мөлшерін құрау керек. Оқулық көлемін шектеу үшін графикалық файлдардың (GIF, JPEG) қапталған форматын қолданған орынды.

3. Бейнеүзінділерді қолдану үрдістерді және көріністерді динамикада жеткізуге мүмкіндік береді. Файлдардың үлкен мөлшерлеріне қарамастан, оларды қолдану орынды, себебі осы жағдайда білім алушылардың қызығушылығы өседі, білімнің сапасы жақсарады.

4. Дәстүрлі оқытуда жаңа материалды ұсынуда вербалды құралдар басым болады. Осыған байланысты электронды оқулықта дыбысты фрагментті қолдану ақпаратты ұсынудың үйреншікті әдісіне жақындауға ғана мүмкіндік бермейді, сонымен қатар мидың көру ғана емес, есту де орталықтарын белсендіре отырып, жаңа материалды қабылдауды жақсартады.

5. Электронды оқулық оқулық элементтері бойынша сілтемелерді құрау керек, басқа электронды оқулықтар мен анықтамаларға сілтемелер болулары мүмкін. Қажет бөлімдер мен бетке жылдам ауысу мазмұнының бар болуы құптарлық.

6. OLE (Object Linking and Embedding) технологиясы көмегімен, мысалы, басқа компьютерлік бағдарламаларды мысал ретінде, тестілеу, басқа да мақсаттар үшін жіберуге болады.

7. Мәтіндік, графикалық және басқа материалдарды үйлестіру ерекше дидактикалық маңызға ие. Жаңа ақпаратты қабылдау сапасы, жалпылау мен талдау мүмкіндігі, есте сақтау жылдамдығы, оқу ақпаратының меңгеру толықтығы компьютер экранында орналасқан ақпарат көлеміне тәуелді [3].

Электронды оқулық жұмысының үш негізгі құрылымын бөліп көрсетуге болады:

1. Тексерусіз оқыту.

2. Тексерумен оқыту, әр тараудың соңында білім алушыға материал меңгеру деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін бірнеше сұрақтарға жауап беру ұсынылады.

3. Тесттік бақылау, баға қою арқылы білімнің қорытынды бақылауына арналған [4].

Басқа да күрделі жүйелерді құрастырғандай, электронды оқулықты дайындауда сәтті болуға автордың шеберлігі мен таланты — кепіл. Дегенмен электронды оқулықтардың тұрақты формалары бар, нақты айтқанда, оқулық құрайтын конструктивті элементтер.

Тест — электронды оқулықтың жай түрі. Негізгі күрделілігі болып сұрақтардың таңдалуы мен тұжырымалуы табылады, сонымен қатар сұрақтарға жауаптың интерпретациясы. Жақсы тест білім алушы белгілі пән аясында білімнің, іскерліктің және дағдының объективті көрінісін алуға мүмкіндік береді.

Энциклопедия — электронды оқулықтың базалық формасы. Мағыналы деңгейде энциклопедия термині электронды оқулықта жиналған ақпарат толық және білім беру стандартына қарағанда мол болуы керек. Электронды энциклопедияға сәйкесінше сервис тән: сілтемелер, белгілер, анимация мен дыбыстық жазбалардың қайталануы мүмкін, кілт сөздермен іздеу.

Электронды оқулықта тапсырмалар жинағы оқыту функциясын табиғи түрлі жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бастысы, электрондық тапсырмалар жинағында — дозаланған көмек. Тапсырмалар таңдауда қарама-қайшы тиімділген мәселені шешуге тура келеді. Бір жағынан, әр тапсырма белгілі теориялық материалдарды меңгеруге дозалық көмек арқылы кепіл болуға және ашуға тиіс және электронды оқулық арналған білім алушылардың әрқайсысының күшіне сәйкес болуы керек. Басқа жағынан, тапсырмалар саны студенттерді қорқытпауы керек және өздеріне сенімділіктерін жоғалтқызулары қажет.

Шығармашыл орта. Қазіргі заманғы электронды оқулық білім алушының шығармашылық жұмысын зерттеу объектісімен және объектілердің өзара әрекеттесу жүйе үлгісімен қамтамасыз ету керек. Шығармашылық жұмыстың өзі білім алушылардың дағдылар мен іскерліктер кешенін бекіту мен қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. Бағдарламашының ойынша, шығармашылық орта электронды оқулықтың еңбекті сіңіргіш құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Авторлық орта. Электронды оқулық оқу үрдісіне бейімделген болуы керек, яғни нақты мамандықты, нақты оқу орнының ерекшеліктерін есепке алу керек. Авторлық орта электронды энциклопедияға қосымша материалдарды қосуға мүмкіндік жасайды, тапсырмалар жинағын толықтыруға, таратпа материалдарды және пән бойынша әдістемелік құралдарды дайындауға мүмкіндік жасайды.

Вербалды емес орта. Дәстүрлі электронды оқулықтар өздерінің табиғаты бойынша вербалды. Олар мәтіндік және графикалық формада теорияны баяндайды [5].

Аталған архитектуралық формалар бөлек электронды оқулықтар түрінде жүзеге асуы мүмкін, немесе бірегей архитектуралық ансамбль шеңберінде топталған болуы мүмкін.

Электронды оқулықтың келесі дидактикалық функциялары бөлініп көрсетілген.

Ақпараттық (түсініктемелер мен анықтамалар бар болуы; мәтін, сурет, сызба, кесте, аудио және бейнефрагменттер көмегімен оқу пәні туралы мәліметтер ұсыну; оқу объектілері мен көріністерінің ерекшеліктерін, оқылатын объект параметрлерін ағарту, мысалдар мен ережелер бар болуы және т.б.).

Реттеу (электронды оқулықпен жұмысқа қажетті алдын ала білімдер мен іскерліктер тізімінің бар болуы; оқулықпен жұмыс дайындығының өзін өзі бақылау үшін сұрақтар мен тапсырмалар; материалды меңгерудің өзін-өзі тексеру үшін сұрақтар мен тапсырмалар; оқылатын материалдың құрылымында көрнекілік ұсыну; бақылау тапсырмалары).

Анықтамалық (кіріспе, мазмұны, пәндік көрсеткіш, терминдер сөздігі, кестелер және т.б. арқылы берілген пән бойынша түпнұсқаға білім алушыларды бағыттау) [6].

Электронды оқулықта берілген функцияларды жүзеге асыру оқытудың сапасы мен нәтижелілігін көтеруді қамтамасыз етеді. Электронды оқулық, басқа да оқу құралы сияқты, өзінің артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Оның басты екі кемшілігі:

1. Электронды оқулықпен жұмыс үшін арнайы қосымша аспаптың болуы қажет, алдымен сәйкесінше бағдарламалық қамтамасыздандырумен және сапалы монитормен компьютер, кейде қосымша компакт-дисктермен диск салушы немесе желілі карта немесе локалды және галамдық желімен жұмыс үшін модем.

2. Әдеттенбегендік, монитор алдында жұмыстан жоғары шаршау мен ақпаратты көрсетудің электронды формасының дәстүрлі еместігі.

Электронды оқулықтардың артықшылықтары көп. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

1. Білім алушылардың жеке сұранысынан қолданушының интерфейсі тиімділеу және бейімдеу мүмкіндігі. Әсіресе оқулықтың фреймдік құрылымы, мәтіндік және гипермәтіндік құрылымын қолдану мүмкіндігі айтылып отыр.

2. Білім алушыға әсер етудің қосымша құралын қолдану мүмкіндігі, ол оқу материалын жақсы есте сақтап, меңгеруге мүмкіндік жасайды. Ерекше маңызды болып мәтінге анимациялық үлгілердің қосылуы табылады. Оқу мәтініне сәйкес дыбыстық сүйемелдеу көмегімен оңды әсер алуға болады.

3. Электронды оқулықтың шеңберінде навигация ыңғайлы және жай механизмін құрастыру мүмкіндігі. Электронды құралда гиперсілтемелер және фреймдік құрылым немесе сурет-картасы қолданылады, ол беттерді парақтамай керекті бөлімге немесе фрагментке жылдам көшуге және қажет болғанда артқа қайтуға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар сәйкес бөлімдер орналасқан беттерді есте сақтау қажет емес.

4. Білім алушылардың білім деңгейін автоматты түрде тексеру мүмкіндігі және осының негізінде оқулық бөлігінің білімін сәйкесінше деңгейін автоматты түрде таңдау мүмкіндігі.

5. Білім алушылардың білім деңгейіне оқылатын материалды бейімдеу мүмкіндігі, оның салдарынан ақпаратты есте сақтау және қабылдауды жақсартылады. Бейімдеу басылымның қабатты құрылымын қолдануында негізделеді және тестілеудің нәтижесімен студентке оның білімінің деңгейіне сәйкес тапсырма беріледі.

6. Электронды оқулықтың басты артықшылығы — студент пен оқулық элементтерінің интерактивті өзара байланысу мүмкіндігі [7].

7. Электронды оқулықтың жоғарыда айтылған артықшылықтары оны білім беру үрдісінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар қазіргі заманда басты мәселе сапалы электронды оқулықты жасауда еңбектің көп жұмсалыуында және ақпараттық емес циклді оқытатын оқытушылардың өздігінен электронды оқулықты жасауға жеткілікті квалификацияның жоқтығы болып табылады. Шет тілін оқытудың тиімді нәтижесіне электронды және дәстүрлі оқу-әдістемелік кешенді интеграцияны қолдану барысында қол жеткізетініміз анық. Шет тілдік сөйлеу өзара әрекетіне тілдік емес факультеттегі студенттерді оқыту барысында оқу үрдісі сөйлеу интеракциясын оқытуда электрондық оқулықты қосымша құрал ретінде қолданудан құралады.

Қорытындылай келе, атап кететін бір жайт, электронды оқулықтар оқу үрдісін ұйымдастыруда қолайлы болып табылып, оқулықтың авторы мен оны пайдаланушы білім алушылар арасында өзара тығыз байланысты орнатуға мүмкіндік береді. Білім алушылар үшін олар өздігінен білім алудың қайнар көзі болып табылады, әрбір оқушы дербес компьютер арқылы кез келген уақытта білімін өздігінше толықтыруға, өзін-өзі бақылауға, білімін тексеруге және аралық, кезектегі, қорытынды бақылауларға дайындалуға мүмкіндік алуға.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Щукин А.Н.* Теория обучения иностранным языкам (лингводидактические основы). — М.: ВК, 2012. — 336 с.
- 2 *Гыщенко О.Б.* Новое средство компьютерного обучения: электронный учебник // Компьютеры в учебном процессе. — 1999. — № 10. — С. 89–92.
- 3 *Тоускин В.С.* Теоретические основы разработки электронных образовательных изданий (антропологический подход): учеб. пособие. — Ставрополь: СГПИ, 2010. — 108 с.
- 4 *Методика использования электронного учебника на уроках // Школа успешного учителя.* — [ЭР]. Режим доступа: <http://edu-lider.ru/metodika-ispolzovaniya-elektronno-go-uchebnika-na-urokax>
- 5 *Алешкина О.В.* Применение электронных учебников в образовательном процессе // Жас ғалым. — 2012. — № 11. — С. 389–391.
- 6 *Волков С.В.* Педагогические условия использования электронного учебника в образовательном процессе технического вуза: дис. канд. пед. наук: 13.00.08. — Ставрополь, 2003. — 150 с.
- 7 *Вуль В.А.* Электронные издания // Центр дистанционного образования МГУП: учебник. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.hi-edu.ru/e-books/xbook119/01/part-010.htm>

П.З.Ишанов, С.Т.Каргин, Э.С.Ибраева

Особенности использования электронных учебников в процессе совершенствования навыков профессионального общения

Статья посвящена исследованию особенностей использования электронного учебника в языковой подготовке будущего специалиста. Электронный учебник по иностранному языку рассматривается как обновленный вид учебной книги, требующий разработки теоретических и практических вопросов его создания и издания. Представлены основные положения создания образовательной среды электронного учебника по английскому языку. Авторами обоснованы требования к образовательной среде электронного учебника, особенности ее создания, проблемы, стоящие на пути реализации ведущих образовательных концепций в курсе английского языка. В содержании статьи дается ответ на вопрос о том, каким образом принципы обучения английскому языку соотносятся с особенностями создания тематического электронного учебника и каковы функции электронного средства обучения на уроке.

P.Z.Ishanov, S.T.Kargin, E.S.Ibrayeva

The features of using electronic textbooks in the process of improving skills of professional communication

The article describes the features of editorial analysis and editorial preparation of the electronic textbook, of a foreign language, in particular. The relevance of the proposed article is due to the importance of describing an electronic textbook as a separate, newest type of study books. There still is the need to develop theoretical and practical issues of creating and publishing e-textbooks of a foreign language for successful mastery of speech in situations of cross-cultural communication that meets the demands of modern education, on the one hand, and publishing, on the other. The article presents the main points of creating the educational environment of the electronic textbook in English. It was able to allocate requirements to the educational environment of the electronic textbook, especially its creation, the challenges to the implementation of major educational concepts in the English language courses. In this paper we answer the question about how the principles of teaching English relate to the creation of thematic features of the electronic textbook and what functions of e-learning in the classroom.

References

- 1 Shchukin A.N. *Theory of training in foreign languages (lingvodidaktichesky bases)*, Moscow: VK, 2012, 336 p.
- 2 Tyshchenko O.B. *Computers in educational process*, 1999, 10, p. 89–92.
- 3 Toiskin V.S. *Theoretical bases of development of electronic educational editions (anthropological approach): tutorial*, Stavropol: SGPI, 2010, 108 p.
- 4 *A technique of use of the electronic textbook at lessons*, [ER]. Access mode: <http://edu-lider.ru/metodika-ispolzovaniya-elektronnogo-uchebnika-na-urokax>
- 5 Aleshkina O.V. *Young scientist*, 2012, 11, p. 389–391.
- 6 Volkov S.V. *Pedagogical conditions of use of the electronic textbook in educational process of technical college: yew. edging. teacher. sciences: 13.00.08*, Stavropol, 2003, 150 p.
- 7 Vul V.A. *Electronic editions V.A. Vul // Center of remote education of MGUP: tutorial*, [ER]. Access mode: <http://www.hi-edu.ru/e-books/xbook119/01/part-010.htm>